

Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толлингтік операциялар жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 23 қыркүйек N 1055. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.29. N 520 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499 Жарлығының негізінде (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 3, 20-бап) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде толлингтік операцияның алыс-беріс шикізатын ұқсату бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толлингтік операциялар жүргізу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.
2. Алыс-беріс шикізатынан (толлингтік операциялардан) өндірілетін өнімдерге көрсетілетін қызметтен кеден бажын алу тоқтатылсын.
3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары ведомстволық нормативтік актілерін осы қаулыға сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 23 қыркүйектегі
N 1055 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші
субъектілерінің толлингтік операциялар жүргізу
тәртібі туралы
Ереже

1. Осы Ереже шетел тауарларын Қазақстан Республикасына әкелу және отандық тауарларды қайта өңдеу үшін шетелге шығару тәртібін белгілейді, толлингтік операциялар жүргізу тетігін көздейді және лицензиялауға жататын немесе экспортқа шығару контрактілері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп

және сауда министрлігінде тіркелетін тауарларға, экспорты және /немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің рұқсатымен іске асырылатын тауарларға, сондай-ақ импорттық және экспорттық кеден бажы алынатын тауарларға қолданылады.

Осы Ереженің күші меншік нысанына қарамастан, заңды ұйым мәртебесі бар Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қолданылады.

Толлингтік операция - бір елдің шаруашылық жүргізуші субъектісі, бұдан әрі - "Тапсырыс беруші", тапсырады, ал екінші елдің шаруашылық жүргізуші субъектісі, бұдан әрі "Орындаушы" белгілі бір төлемге "Тапсырыс беруші" беріп отыратын "алыс-беріс шикізатын" өз елінің аумағында ұқсатуға және осы шикізаттан өтемдік тауарлар ала отырып, мұнан кейін оларды "Тапсырыс берушінің" еліне немесе үшінші елге әкелу міндеттемесін алатын операция деп жобаланады.

"Ұқсату" термині мынадай операцияларды білдіреді:
шикізатты және материалды ұқсату;
тауарларды өңдеу, оларды жинау мен жинақтауды қоса;
тауарларды жөндеу, оны қалпына келтіруді қоса;
өтемдік тауарларды өндіруде қолданылатын материалдар мен тауарларды пайдалану;

"Алыс-беріс шикізаты" термині Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген немесе осы аумақтан ұқсату үшін уақытша әкетілген, бұдан әрі "Тапсырыс беруші" еліне қайтарылатын немесе "Тапсырыс беруші" мен "Орындаушы" арасындағы келісім бойынша өтемдік тауарлар көлемінде үшінші елге шығарылатын шикізат пен материалды білдіреді.

"Өтемдік тауарлар" термині Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген немесе республикадан уақытша әкетілген алыс-беріс шикізатты ұқсату нәтижесінде алынған тауарларды білдіреді.

Толлингтік операциялар бойынша тауарларды ұқсату немесе өңдеу мына жағдайларда жеткілікті деп есептеледі:

өтемдік тауарлар оларды жасау үшін пайдаланылған басқа елден шыққан шикізаттар мен тауарларынан өзге тарифтік орында сыныпталатын болса;

өтемдік тауарлар құны оларды жасау үшін пайдаланылған басқа елден шыққан шикізаттар мен тауарлар құнынан кем дегенде 30 проценттен асатын болса.

Ескерту. Бірінші тармақтың 1-ші абзацы жаңа редакцияда -
ҚРМК-нің 1995.05.05. N 625 қаулысына сәйкес.

2. Белгіленген нысандағы толлингтік операция жүргізуге (N 1 қосымша) рұқсатты мүдделі министрліктердің және ведомстволардың келісімі бойынша

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі береді. Рұқсат беруден бастарту нақты негізделіп, арыз берушіге жазбаша түрде хабарлануы тиіс.

3. Шаруашылық жүргізуші субъект немесе оның өкілі толлингтік операция жүргізуге рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне мынадай құжаттар ұсынуы тиіс:

белгіленген нысандағы толлингтік операция жүргізуге (N 2 қосымша), толлингтік операцияны жүзеге асыру үшін жоспарланған жылдық өндіріс көлемі, өнім көлемі, өтемдік тауарлар мен ұқсату процесіне алынатын бағалы компоненттерді қайтару және олардың шикізатын өңдеудің бағасы мен құны есебі бойынша көлем шарттары көрсетілген техникалық-экономикалық негіздеме ;

егер алыс-берістік шикізаты "Тапсырыс берушінің" өзі өндірген өнімі болып табылмаған жағдайда, онда бұл шикізаттың үшінші тараптан сатып алынғанын растайтын құжаттар көшірмесі ұсынылуы қажет; алыс-беріс шикізатының сапа сертификаты.

4. Республика аумағында толлингтік операция жүргізу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден әкелінетін тек импорттық шикізат п а й д а л а н ы л а д ы .

Ескерту. Бесінші тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995. 05.05. N 625 қаулысымен.

5. Алыс-беріс шикізаты мен лицензиялауға жататын өтемдік тауарларды әкету немесе Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде тіркелуге тиісті экспортқа шығару контрактілері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі берген лицензиялардың немесе сертификаттар негізіне сәйкес, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі берген толлингтік операция жүргізуге рұқсат болған жағдайда жүзеге асырылады. Басқа жағдайларда алыс-беріс шикізаты мен өтемдік тауарларды әкету Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі берген рұқсат негізінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.05.05. N 625 қаулысына сәйкес.

6. Толлингтік операция бойынша Қазақстан Республикасына әкелінген немесе одан әкетілген алыс-беріс шикізаты мен өтемдік тауарларға кеден бажы с а л ы н б а й д ы .

7. Толлингтік операциялар нәтижесінде алынған және Қазақстан Республикасынан "Тапсырыс берушінің" еліне немесе үшінші елдерге әкетілмеген өтемдік тауарлар ішкі рынокта сатылуы мүмкін, бұл орайда осы тауарлар жасалған алыс-беріс шикізатынан қолданылып жүрген заңға сәйкес

импорттық кеден бажы, акция және қосылған құн салығы алынуға тиісті.

Көрсетілген қызмет үшін ақы ретінде Қазақстан Республикасында қалған алыс-беріс шикізатынан белгіленген тәртіппен импорттық кеден бажы, акция және қосылған құн салығы алынуға тиісті. Егерде қызмет ақысы өтемдік тауарлармен жасалса, онда импорттық кеден бажы, акция және қосылған құн салығы белгіленген тәртіппен осы тауарлар жасалған алыс-беріс шикізатынан а л ы н а д ы .

Егер де Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толлингтік операциялар жүргізу нәтижесінде алынған өтемдік тауарлар Қазақстан Республикасына әкелінбеген болса және "Орындаушының" елінде немесе үшінші елдерде сатылмаған болса, онда осы тауарлар жасалған алыс-беріс шикізатынан Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес экспорттық к е д е н б а ж ы а л ы н у ғ а т и і с т і .

Көрсетілген қызмет үшін ақы ретінде "Орындаушының" елінде алыс-беріс шикізатынан экспорттық кеден бажы алынуға тиісті. Егер де қызмет ақысы өтемдік тауарлармен жасалса, онда осы тауарлар жасалған алыс-беріс шикізатынан э к с п о р т т ы қ к е д е н б а ж ы а л ы н а д ы .

Ескерту.7-ші тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.05.05.

№ 625 қаулысына сәйкес .

8. Кеден органдары Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп ұқсату үшін уақытша әкелінген (әкетілген) алыс-беріс шикізатының рұқсатта көрсетілген мерзіміне сәйкес толлингтік операциялардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады.

9. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген шикізаттарды және тауарларды, сондай-ақ әкетілетін өтемдік тауарларды бірегейлендіру мақсатында кеден органдары бұл тауарларды кедендік қамтамасыз ету үшін пломбы, мөр, бұрыштама, сандық немесе басқа белгілер сала алады. Тауарлардың сипаттамасын, олардың масштабтық бейнесін, суретін және т.б. п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

10. Қазақстан Республикасының аумағына толлингтік операция жүргізу туралы келісім бойынша уақытша әкелінген алыс-беріс шикізатының болу мерзімі әрбір нақты жағдайда осы шикізатты ұқсату бойынша операция сипатының негізінде бір жылдан аспайтын уақытқа белгіленеді.

11. Толлингтік операциялар бойынша тауарларды әкелу және әкету кезіндегі кеден жүгінің декларациялары белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

12. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі

мемлекеттік комитеті 1995 жылдан бастап әр тоқсан сайын Министрлер Кабинетіне, Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда

министрлігіне толлингтік операциялардың жүзеге асырылуы жөнінде ақпар беріп отырсын.

13. Алыс-беріс шикізатын ұқсатуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілеріне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес салықтар салынады, толлингтік операциялар бойынша міндеттемелердің орындалуына және уақтылы төленуіне жауапты болады.

Ескерту.15-ші тармақтың күші жойылған - ҚРМК-нің
1995.05.05. N 625 қаулысымен.

14. Құны 500 АҚШ долларына дейінгі (немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің рұқсат берілген күнгі бағамы бойынша теңгемен есептегенде) алыс-беріс шикізатын әкету немесе әкелу кезінде толлингтік операциялар жүргізуге рұқсатты жергілікті жерлердегі кеден органдары береді.

Ескерту.Ереже 14-ші тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің
1995.05.05. қаулысына сәйкес.

N 1 қосымша

Ұқсату үшін уақытша әкелінетін (әкетілетін)

берімдік шикізатқа

Рұқсат

Ұйымның атауы _____

Оның заңды мекен-жайы _____

(Банк атауы, МФО, есеп айырысу шотының нөмірі)

Шикізат атауы _____

Шикізат коды _____, саны _____

Шикізаттың контракттылық құны _____

Кедендік тауардың атауы _____

Тауардың коды _____, саны _____

Өтемдік тауардың контрактілік құны _____

Ұқсату бойынша көрсетілген қызмет құны _____

Өтемдік тауардың шығу нормасы _____

Ұқсатушы кәсіпорынның атауы _____

_____ оның мекен-жайы _____

Қайта әкету (әкелу) мерзімі _____

Рұқсат берген органның атауы _____

Басшының қолы _____

М.О. _____

(күні, айы, жылы)

Ұқсату үшін уақытша әкелуді (әкетуді) ресімдеген кеден органының
атауы _____

(кеден органында толтырылады)

Басшының қолы _____

М.О. _____

(күні, айы, жылы)

№ 2 қосымша

Ұқсату үшін уақытша әкелінетін (әкетілетін)

алыс-беріс шикізатқа

Өтініш

Ұйымның атауы _____

Оның заңды мекен-жайы _____

(Банк атауы, МФО, есеп айырысу шотының нөмері)

Шикізат атауы _____

Шикізат коды _____, саны _____

Шикізаттың контрактілік құны _____

Өтемдік тауардың атауы _____

Тауардың коды _____, саны _____

Өтемдік тауардың контрактілік құны _____

Ұқсату бойынша көрсетілген қызмет құны _____

Өтемдік тауардың шығу нормасы _____

Ұқсатушы кәсіпорынның атауы _____
_____ оның мекен-жайы _____

Қайта әкету (әкелу) мерзімі _____

Рұқсат берген органның атауы _____

Өтініш берушінің қолы _____

М.О.

(күні, айы, жылы)

